

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 ___ ЖЫЛҒЫ « ___ » _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажиліс Парламента

« ___ » _____ 20 ___ года

2022 жылғы 13 сәуірде жарияланған

Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры
Б. Н. Асылқожа

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі
А. Қ. Аймағамбетовқа

Депутаттық сауал

Құрметті Берік Ноғайұлы!

Құрметті Асхат Қанатұлы!

«Ақ жол» партиясы өткен жылы Қазақ білімінің қара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (бұдан әрі – Университет) қоғамда заңды резонанс тудырған тиесілі жер телімдерінің аумағы белгісіз себептермен азаюына байланысты Бас прокурор мен Білім және ғылым министріне сауал жолдаған болатын. Алайда, содан бері бір жылдан аса уақыт өтсе де, қанағаттанарлық жауап алған жоқпыз.

Өкінішке орай, еліміздің аймақтарындағы мемлекеттік жоғары оқу орындарының жерлері мен ғимараттарының да талан-таражға түсіп, «тістегеннің ауызында, ұстағанның қолында» кетіп жатқанын ақпарат құралдарынан естіп, біліп жатырмыз. Мысалы, мен өзім білім алған Шығыстағы Сәрсен Аманжолов атындағы университеттің бас ғимаратынан он қадам жерде орналасқан Университеттің өндірістік шеберханасы бүгінде білімге ешқандай қатысы жоқ «Қараоке-бар»-ға айналған. Осындай теріс үрдіс еліміздің барлық аймақтарында әлі де жалғасуда.

Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – *Министрлік*) өз жауабында Университеттің жер телімінің 0,779 гектарға азайғанын растаған болатын.

Сондай-ақ, *Министрлік* 2021 жылы аймақтардағы сегіз жоғары оқу орнының қызметін тексеруді жоспарлап отырғанын, оның барысында олардың активтерінің жай-күйі тексеріліп, қорытындылары бойынша ақпарат қосымша ұсынылатын хабарлаған.

Алайда, осы уақытқа дейін *Министрліктен* ешқандай ақпарат келіп түскен жоқ.

Ал Бас Прокуратураның сауалымызға берген жауабында 2012 жылғы 30 қаңтардағы Алматы қаласы әкімінің қаулысына сәйкес Университеттің жалпы көлемі 73,26 гектар жер пайдалану құқығына берілгені және оқу орнының жалпы жер көлемі 1,8 гектарға азайғанын айта келіп, тексеруге бастамашылық ету туралы мәселелер прокуратура органдарына **нақты оқу орындары тарапынан заңдылықты бұзушылықтың нақты фактілері туралы мәліметтер түскен кезде қаралатынын** баяндаған еді.

Сонда бүгінге дейін Университетке тиесілі жер неге азайғаны, оған кім жауапты деген сұраққа өкілетті органдардан мардымды жауап болмай, жұмбақ күйінде қалып отыр.

Мұндай жағдайлар тек Ұлттық университетпен ғана шектеліп жүрген жоқ. Өкінішке орай, жоғары оқу орындарының жер телімдерінің жеке меншікке сатылып жатқанын, студент жастар тұратын жатақханалардың азайып, оқу орындарының техникалық ғимараттарының орнына профильдік емес мекемелер пайда болып жатқаны жасырын емес.

Жоғарыдағыны баяндай келіп және алдыңғы сауалымызға толыққанды жауап ала алмағандықтан, Сіздерден:

- біріншіден, Қазақ Ұлттық университетіне тиесілі жер аумағынан жер учаскелерінің бөлініп шығарылғаны қаншалықты заңды екенін тексеруді;
- екіншіден, еліміздің барлық аймақтарындағы мемлекеттік жоғары оқу орындарына тиесілі жер телімдеріне арнайы тексеру жүргізуді;
- үшіншіден, тексеру барысында заңсыздық анықталған жағдайда, алаяқтарды, қала не Университет басшысы болсын, жалпы кінәлілерді, білім ошақтарын өз пайда көзіне айналдырған тоғышарларды еш мансабы мен лауазымына қарамастан, қатаң жауапкершілікке тартуды талап етеміз және нәтижесін бізге хабарлауларыңызды сұраймыз.

Құрметпен,

«Ақ жол» фракциясының депутаттары

**Б. Дүйсенбинов
А. Перуашев
А. Әбілдаев
Е. Барлыбаев
С. Ерубәев
Д. Еспаева
А. Жұмабаева
Қ. Иса**

**А. Линник
Е. Өмірғали
М. Раманқұлов
Ғ. Хамзин**

Орынд. Ғ. Құсайынова
тел. 74 63 94